


Етістікті қайталау

Алыстан сермеп,
Жүректі тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиядан шауып,
Қисынын тауып,
Тағына жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.

АБАЙ



Сабақтың мақсаттары:

Білімділік мақсат - Оқушылардың етістік туралы алған білімдерін пысықтау. Етістік түрлерін ажырата білуге, тіл біліміне танымдық қабілетін арттыру, талдау жұмыстарын жүргізуге баулу.

Дамытушылық мақсат – Сөйлеу тілдерін жетілдіру. Шығармашылық іске жұмылдыру, іздене білім алуға дағдыландыру.

Тәрбиелік мақсат - Талдауға алынған мысалдар арқылы оқушыларды адалдыққа, еңбексүйгіштікке, бауырмалдылыққа, туған жерін сүйуге баулу.



Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын тексеру

III. Етістік жайында сұрақ

IV. Шығармашылық жұмыс

A) тапсырмалар орындау

Ә) етістіктерге морфологиялық талдау жасау

Б) Венн диаграммасы

V. Қорытынды (тест)

VI. Үйге тапсырма

VII. Бағалау




1



3



2



4



5



Етістік жайында сұрақтар

Етістік дегеніміз не?



Етістік жайында сұрақтар

Дара, күрделі етістік дегеніміз не?



Етістік жайында сұрақтар

Болымды, болымсыз дегеніміз не?



Етістік жайында сұрақтар

Салт, сабақты етістіктің жасалуы



Етістік жайында сұрақтар

Етіс, оның түрлері





"Серзіму сәті"



Шығармашылық жұмыс



I топ
“өтірік өлең”

II топ
“метаграмм
а”

III топ
“сөзжұмбақ”

Етістіктерді табу



I топ
Салт етістікті
сабақтыға,
сабақты етістікті
салтқа
айналдыратын
жұрнақтарды
атау

II топ
Берілген
сөйлемдерден
етіс жұрнақтарды
ажырату

III топ
Берілген
мақалдарды
етістіктермен
толықтыру



Азияның жетінші қысқы ойындары аясында өтетін алау эстафетасының Астана қаласындағы бағыты анықталды. Бұл туралы Қазақпарат тілшісіне алау эстафетасын өткізу жөніндегі қалалық дирекция басшысының орынбасары Сәрсен Құранбек мәлім етті. Эстафета бағыты 2 кезеңге бөлінді. 1-ші кезеңі 3 қаңтар күні түскі сағат 12.00-де Тәуелсіздік көшесінде орналасқан “Қазақ елі монументімен” басталады да бір қатар көшелерді жүріп өтіп “Мемлекеттік рәміздер” алаңына келіп тоқтайды. Бағыттың жалпы ұзындығы 7,2 шақырым, қатысушы алаугерлердің саны 50. Техникалық үзілістен кейін сағат 15.30-да Астана әкімдігі ғимаратының алдындағы алаңнан эстафетаның 2-ші кезеңі басталады.



1) *Тіліңмен ... , біліммен ...*

2) *Талапты ерге нұр*

3) *Ел үмітін ер ...*

Ер атағын ел ...

4) *Аңдамай ... ауырмай өледі.*

5) *Жаманға сырыңды ...*


Сырыңды айтсаң да, шыныңды ...

6) *Ақылсыз адам ... келеді,*

Жан-жағын жайпай келеді.

Ақылды адам жай-жай келеді,

Жан-жағын ... келеді.



Берілген сөйлемдердегі етістіктерге морфологиялық талдау жасау

*Кешегі күні Беларан маңынан ыққан мұз
Қаратүп шыңына тіреліп еді; бірақ балықшылар
қайдан шыққанын болжай алмады, олар тек
үлкен мұздың тұмсығы ілгері жағынан бір
тұйыққа тірелгенін сезді. Таң таяу секілді. Таң
атқасын болмаса, мына қараңғыда қалай қарап
жүрерін білмей, ашық мұз үстінде ызғырық жел
ығырын алған бір топ кісі бүрсеңдеп тұр.*




Венн диаграммасы

I топ
Дара,
күрделі

II топ
Болымды,
болымсыз

III топ
Салт,
сабақты



Қорытынды

Тест

1. Күрделі етістікті тап

а) сөйледі ә) ойнады б) жауып тұр

2. Ырықсыз етістің жұрнақтарын ата

а) – ыл, – іл, – л ә) – ғыз, – гіз

б) – ыс, – іс, – с

3. Етістіктің түрі

а) сапалық ә) етіс б) жалқы

4. Сабақты етістікті тап

а) қаладан келді ә) үйге қайт б) сабақты оқы

5. Етістің неше түрі бар?

а) үш ә) екі б) төрт

Жауаптары:

1. б

2. а

3. ө

4. б

5. б

Үйге

*Етістерді пайдалана отырып,
еркін тақырыпта әңгіме жазу*





БАҒАЛАУ





Сау болыңыздар!!!

GIFZONA.COM